

Мырзағұл Ж.Ұ.

XXI ғасырдың басында араб елдерінде өткен әлеуметтік толқулардың себептері мен салдарлары

XXI ғасырдың басында араб әлемінде өткен саяси қозғалыстардың әлемді дүр сілкіндіргені бәрімізге аян. Толқулардың кең етек алып үлкен көтерілістерге ұласып, билік жүйесінде түрлі өзгерістерге әкелуі мұнда өткен қозғалыстардың қаншалықты салмақты болғандығынан хабардар етеді.

Мақаланың мақсаты: XXI ғ. бас. Солтүстік Африка және таяу шығыс аймақтарда орналасқан араб елдеріндегі әлеуметтік толқулардың себептерін ашу және оның әлеуметтік-экономикалық, саяси салдарларын анықтау.

Түйін сөздер: «араб көктемі», себептері, салдарлары, араб елдері, Батыс елдері.

Myrzagul Zh.U.

The reasons and consequences of social shocks in the Arab countries at the beginning of the XXI century

The paper discusses social processes in the countries of North Africa and the Middle East at the beginning of the XXI century.

Key words: «the Arab spring», reasons, consequences, Arabic countries, West countries.

Мырзағұл Ж.Ұ.

Причины и последствия социальных потрясений в арабских странах в нач. XXI века

В статье рассматриваются причины и последствия социальных и политических волнений в арабских странах в начале XXI века.

Ключевые слова: «арабская весна», причины, последствия, арабские страны, страны Запада.

XXI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА АРАБ ЕЛДЕРІНДЕ ӨТКЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТОЛҚУЛАРДЫҢ СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЛАРЫ

XXI ғ. басында араб елдерінде өткен әлеуметтік және саяси толқулардың бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, саяси сахнада алдыңғы аренаға көтерілгені белгілі. Тарихшылар мен фило-софтар, саясаткерлер мен экономистер, әлеуметтанушылар Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерінде өткен саяси-әлеуметтік сілкіністердің себептері мен салдарларына терең үңіліп, анықтауға тырысты.

Араб Шығысындағы әлеуметтік толқулардың факторлары өте көптеп саналады және олар өз кезегінде объективті және субъективті сипатта жүргізіледі. Әлеуметтік революциялардың алғышарттарына сыртқы факторлардың әсерін жоққа шығармаймыз, алайда негізгі себептер ішкі әлеуметтік факторлар болып табылады. Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерінің революциялық толқулардың түп тамыры аймақтың жалпы дамуын тежеуілеткен шектеулі модернизацияның дағдарысында жатыр [1].

Аталған аймақтағы араб мемлекеттерінің Батыс мемлекеттері мен Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуынан әлдеқайда артта қалып қоюының себептерін үш бағытта қарастыруға болады, ол: экономикалық, әлеуметтік және саяси.

Экономикалық бағыттағы себебіне араб елдерінің экономикасына басқа мемлекеттердің шектен тыс енуі. Мысалы, XXI ғ. басында араб елдерінің ЖІӨ-ге бөлінген мемлекеттің шығыны 38%-ды құраған, бұл дамушы мемлекеттерден бір жарым есе көп көрсеткіш.

Реформалар үдерісінің консервативті және авторитарлы жүйенің салдарынан тоқтап тұруы да әлеуметтік толқулардың тағы бір себебі болып табылады. Бизнесі дамыту және экономикалық еркіндікті пайдалану жүйесі бойынша да осы араб елдері 2011 жылғы көрсеткіште әлем мемлекеттерінің тізімінің соңғы қатарынан орын алған. Оған қоса, мемлекетті дамыту және мемлекеттік жүйені ілгерілету сапасы бойынша да XX ғ.а. араб елдері орташа көрсеткіш бойынша басқа дамушы мемлекеттермен салыстырғанда шамамен үш есе артта қалған.

Мемлекеттің қатаң бақылауына қарамастан, банк жүйесінің көлеңкелі жақтары да араб елдерінің экономикасының дамуының тағы бір теріс факторы болып табылады. Араб банктері

бәсекелестіктің төмендігі мен инфрақұрылымның тоқтап тұруына сәйкес негізінен қысқа мерзімді операцияларды жүзеге асырып, ұзақ мерзімдегі жобаларға өте аз қаражат бөледі. Араб елдерінің эконмикасының дамуына тағы бір кедергі келтіретін нәрсе – несие алушылардың заң аясында қорғалуының өте төменгі көрсеткіші, бұл көрсеткіш басқа дамушы мемлекеттермен салыстырғанда екі есеге төмен.

Араб елдерінің соңғы 30 жылда экспорт тасымалдау жүйесінің төмендеп кетуі де экономикаға кері әсерін тигізуде [2].

Толқулардың әлеуметтік себептеріне келетін болсақ, араб елдеріндегі тұрғындар санының өте жоғарғы қарқынмен өсуі, бұл көрсеткіш соңғы жылдары жылына 2,7%-ға өскендігін көрсетеді, ал басқа дамушы елдерде бұл көрсеткіш керісінше 25%-ға азайған [3]. Араб елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына кедергі келтіретін тағы бір нәрсе – еңбекке жарамды тұрғындардың үлес салмағының аздығында, 2006 жылы бұл тұрғындардың бар-жоғы 46%-ын ғана құраған болса, ал Шығыс Азиядағы дамушы елдерде бұл көрсеткіш 69%-ды көрсетеді. Араб мемлекеттерінде еңбекке араласатын жастардың да үлес салмағы төмен, 2008 жылы ол бар болғаны 29%-ды құраған.

Жасы үлкен әйелдер арасындағы сауатсыздық та араб елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының келесі бір тежегіші болып табылады, олардың 40%-ы сауатсыздар, бұл көрсеткіш – XXI ғасырға аяқ басқан жаһандану заманында өте түйінді мәселе. Араб мемлекеттерінде әйелдердің қоғамдық кәсіпорындарға аз тартылуы жағдайды одан әрі күрделендіре түседі. Бұл елдердегі жұмыссыздар санының жылдан-жылға шарықтап өсуі де әлеуметтік толқуларға себеп болды деп айта аламыз, себебі, соңғы 30 жылда жұмыссыздар саны 1,5 есеге, оның ішінде жұмыссыз жастар 25%-ға өскен және олардың басым бөлігі жоғары білімді мамандар [4].

Араб толқуларының дамуының келесі факторы – XXI ғ.б. аталмыш елдерде кедейлер санының салмақты орын иеленуі, ол жалпы осы мемлекеттерде 40%-ды, Египетте 43%-ды, ал Йеменде 60%-ды құраған. XXI ғ.б. араб мемлекеттері бай және кедей болып жікке бөліне бастады, Африкадағы араб мемлекеттері мен мұнайға бай араб мемлекеттерінің әлеуметтік жағдайын салыстырудың өзі қиын.

Билікке деген сенімнің жойылуы мемлекеттік аппараттағы шенеуніктердің, оның ішінде мемлекет басшыларының жемқорлық әрекеттер-

ге белшеден батуы болды. Егер, тунистің бірінші президенті Х. Бургиба биліктен кеткенде оның банк шотында 30 доллары ғана болған десе, Бен Али өз билігі тұсында жемқорлық пен отбасылық биліктің ашық түрде жүргізілуімен ерекшеленді. Тұрғындардың ашу-ызасын банк жүйесі, жылжымайтын мүлік, сауда, туристік бизнес саласында басты орындарды иеленіп алған президенттің екінші әйелінің отбасы – Трабелси кланы ушықтыра түсті. Отбасылық билік салтанат құрған мұндай тізімге Египет, Йемен сияқты елдердің бұрынғы президенттерін де жатқызамыз.

Араб елдерінде билік жүйесіне өзгеріс енгізу және басшылықтың ауысуы деген түсінік жоқ деп айтуға негіз бар, себебі басшылар билікте өте ұзақ отырады және өз орнын жайдан-жай бере салуға құлықсыз. Мысалы, Ливияның көсемі М. Каддафи билікте 42 жыл, Египет пен Йеменнің басшылары – Х. Мұбарак пен А. Салех 30 жыл, Сирияның президенттері Х. Асад пен оның ұлы Б. Асад 30 және 11 жыл, Тунис басшысы Бен Али – 23 жыл отырды, оған қоса Х. Асадтың жолымен Х. Мұбарак пен М. Каддафи өз ұлдарын таққа отырғызуға дайындады, бірақ ол ойлары жүзеге асырылуына «араб көктемі» тосқауыл болды деп айтамыз [5]. Мұнда Йемен, Сирия, Тунис пен Египетте республикалық басқару жүйесі екендігін ескерсек, соған сәйкес мерзімді түрде сайлау жүргізіліп, биліктің ауысуы заңдылық. Жалпы, Египет тарихында бұл мемлекетті Х. Мұбарактан көбірек басқарған үш ғана басшы болған екен, олар – II Рамсес 66 жыл билік басында отырса, III Тутмос 54 жыл, сонымен бірге Мұхаммед Али паша 44 жыл салтанат құрған екен.

Араб елдері адами фактор мен ғылымға өте аз көңіл бөледі, соған сәйкес қаражат та жеткілікті бөлінбейді. Араб мемлекеттері басқа дамушы елдермен салыстырғанда ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары және ғалымдарының саны бойынша 3 – 4 есеге артта қалып келеді.

Демократияны дамыту бойынша 2010 жылғы әлемдік көрсеткіште барлық араб елдерінің 90%-ы тізімнің соңынан орын алған. Бұл ішкі фактор «араб революциясының» саяси себептеріне жатады. Мысалы, Тунисте саяси қысым және БАҚ өкілдерінің сөз бостандығына шектеу қою қарапайым тұрғындар арасында ислам фундаменталистерінің ой-ұстанымдарын таратуға итермеледі. Авторитарлы-полициялық режим оппозицияны қатаң жазалады, партиялардың қызметіне тыйым салды. Бұл АҚШ пен Франция тарапынан қолдауға ие болып, олар Бен Алимен

тығыз ынтымақтастық орнатуға дайын екендіктерін білдірді.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдеріндегі әлеуметтік толқулардың пайда болуына сыртқы факторлардың да әсер еткенін жоққа шығармаймыз және бірінші кезекте оған 2008 жыл басталған әлемдік экономикалық дағдарысты жатқызамыз.

Араб елдеріндегі әлеуметтік наразылық американдық бағытта және жалпы батыстық ұранмен жүргізілді. «Ағайынды – мұсылмандар» ұйымының араб елдерінде кеңінен таралған «Ислам – міне шешім», «Құран – біздің конституциямыз» деген ұрандарының орнына батыс мемлекеттері ұсынған «Демократия – міне шешім», «Бостандық – міне мақсат» деген сөздермен ұрандатты. Бұл жерде демократияның американдық Ұлттық қоры (НФД) және мемлекеттік емес ұйымдар белсенді түрде жұмыс жасады. АҚШ конгресі құрған бір ғана НФД-ның өзі 2009 жылы 23 египеттік, 13 йемендік және үш-үштен тунистік, сириялық пен ливиялық үкіметтік емес ұйымдарды қаржыландырған. Бұл ұйымдардың жұмысы негізінен жастар ортасында демократияның өркендеуі мен азаматтық қоғам құру бағытында жүргізілді. Демократияны өркендету мақсатында АҚШ 2006 – 2008 жж. Египетке 51 млн доллар, 2009 жылы – 20 млн доллар бөлген.

Батыстық нұсқадағы жаһандану үдерістері мен ислам өркениетінің дәстүрлі парадигмалары арасындағы келіспеушіліктер де араб елдеріндегі әлеуметтік толқулардың негізгі себептеріне жатады. Жаһандану дәуірінің жеделдетілген үдерістері араб елдерін батыстық қалыпқа сәйкес барлық салада басынан аяғына дейінгі өзгерістерге тартты, бұл ғылым, мәдениет, техника мен өнерді, тіпті киім кию түрін де қамтыды.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерінде өткен әлеуметтік толқулардың жалпы себептерімен бірге, осы аталған елдердің жеке өзіне ғана тән себептері де болды. Мысалы, Йемен мен Ливиядағы азаматтық соғыстың себептерінің бірі – тайпалық фактор болды. Ливияның Триполитания, Киренаика және Феццан сияқты үш провинцияда өздерінің жергілікті тайпалары өмір сүреді, М. Каддафи бірінші кезекте өзі шыққан Триполитанияны қаржыландырған, бұл басқа тайпалардың наразылығын туғызған.

Сириядағы азаматтық соғыстың себептерінің бірі – конфессионалды фактор. Асад отбасы шиитік исламның бір тармағы алауиттерге жатады, соған сәйкес алауиттер елдің жалпы тұрғындарының 13%-н ғана құрайтындықтарына қарамастан, билік пен бизнесте ең маңызды

орындарды иемденген, ал Сириядағы сунниттер саны 73%-ды құрайды, сондықтан да әрине мұнда орын алған осындай теңсіздіктер суннитердің наразылығын туғызады.

Ал Тунистегі толқуларының келесі бір себебі – әлемдік экономикалық дағдарыс салдарынан бұл елдегі орта таптың материалдық жағдайының төмендеуі болды, Тунис тұрғындарының 70%-г осы тап өкілдерінің құрайтынын ескерсек, олардың әлеуметтік жағдайларының көтеруін басшылықтан сұрауы заңдылық.

Египеттегі әлеуметтік толқулардың себептеріне жұмыс таба алмау салдарынан өз жағдайларына көңілі толмайтын жастардың жағдайы негіз болды, бұл жұмыссыздардың 43%-ы жоғары білімді жастар болған. Египет революциясы қарсаңында елде 2,5 млн жұмыссыздар болса, оның бір миллионын жастар құраған. 1975 – 1990 жж. арасында Египетте сәбилер мен балалар өлімін азайту мақсатында нәтижелі шаралар жүргізілген, соның арқасында соңғы жиырма жылда 20 мен 24 арасындағы мысырлықтардың саны шамамен екі еселенген [6].

Солтүстік Африкалық араб елдеріндегі әлеуметтік толқулардың өткеніне төрт жылға аяқ басып барады. Бұл осы елдердегі толқулар туралы тарихи тұрғыда терең зерттеулерге жүргізуге қысқа мерзім. Алайда экономикалық және саяси сараптама жасауға бұл уақыт жеткілікті деуге болады. Солтүстік Африка елдеріндегі әлеуметтік көтерілістер осы елдердің экономикалық дамуына кері әсерін тигізді деп толық айта аламыз. Мысалы, біршама дамыған Тунисте 2011 жылы ішкі жалпы өнім 2010 жылмен салыстырғанда 4%-ға, Египетте 3%-ға қысқарса, Ливия экономикасында бұл көрсеткіш екі есеге дейін азайған.

Әлеуметтік толқулардың экономикалық салдарларының тағы бір кері әсері – осы үш солтүстік африкалық мемлекетте де инфляцияның өсуі болды. Ақшаның құнсыздануы Ливияда 40%, Египетте 12%, ал Тунисте 6%-ды құрады. Осыған байланысты, мысалы мысырлықтар ақшаларына банктерде депозит ашуды азайтты, бұл өз кезегінде банктерге ақшаның түсуіне кедергі жасады, сондықтан да банктер несиелерін жоғары пайызбен ғана ұсынды. Араб елдеріндегі әлеуметтік тұрақсыздық шетелдік инвестицияның азаюына да өз әсерін тигізбей қоймады, Тунисте олар 25%-ға қысқарды, 2011 жылы тунистен 120 шетелдік компаниялар кетті, бұл 40 мың жұмыс орнынан айрылуға әкелді.

Солтүстік Африкалық араб мемлекеттеріндегі қозғалыстар мемлекеттік бюджетті қысқартты, туризм саласының дамуына кері әсерін тигіз-

ді, мұнай өнеркәсібі мен сауда саласы біршама уақытқа тұралап қалды.

Әлеуметтік толқулардың саяси салдарларына тоқталсақ, Египетте 2011 жылы болған толқулар мен Х. Мұбарактың биліктен кетуі елдегі тәртіпті біршама әлсіретті, қылмыс пен шетелдік туристерге қысым көрсету, шетелдіктердің автобустарына өрт қою, ұрлық көбейді.

Солтүстік Африкадағы араб революциясы көп жағдайда мемлекеттік аппараттың жұмысын тежеуілетті. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер тек жалақыларын өсіруді ғана сұрамай, сонымен бірге бұрынғы президенттер кезінде лауазымды орын иеленгендердің орын босатуын талап етті.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы әлеуметтік толқулардың тағы бір салдары – босқындар мәселесінің туындауы. Алғашқы тунис-

тік босқындар саны 25 мың адам, олар италяндық Лампедуза аралына көшкен, ал Ливиялық босқындар саны Еуропа елдерін де қатты алаңдатты, олардың саны 850 мың адамды құраған, олардың көбісі ливиялық оппозицияның қысымына шыдай алмаған қара нәсілділер болды, олар негізінен Алжир, нигер, Чад, Судан, Италия мен Мальтаға үдіре көшті.

Әлеуметтік жарылыстың негізгі саяси салдарларының бірі – Египет пен Тунисте өткен парламенттік сайлауларда исламистік күштердің жеңіске жетуі болды [7].

Араб революциясының салдарлары қазіргі уақытта ел дамуының барлық салаларына кері әсерін тигізгенін көрсетіп отыр. Жалпы, осы саяси оқиға тек араб мемлекеттеріне ғана емес, бүкіл әлем мемлекеттеріне үлкен сабақ болды деп қорытындылаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Мельянцева В.А. Арабские страны: кризис модели развития // Азия и Африка сегодня. 2012. №5. – С 17.
- 2 Васильев А.М. Цунами революций // Азия и Африка сегодня. – 2011. – №3. – С 2.
- 3 Кива А.В. «Арабская весна»: причины и вероятные последствия // Общественные науки и современность. – 2012. – №5. – С. 125.
- 4 Иващенко А.С // Причины и последствия социальных потрясений в арабских странах Ближнего Востока и Северной Африки [Электронный ресурс] URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/> (Дата обращения: 08.05.14).
- 5 Грачев С.И., Шешнева Е.В., Завьялов А.И. Информационные технологии в египетских событиях 2011 года [Электронный ресурс] URL: http://www.pglu.ru/science/researches/nii-panin/vestnik/v3/Grachev_Sheshneva_Zavjalov.pdf (Дата обращения: 08.05.14).
- 6 Коротаев А.В., Зинькина Ю.В. Египетская революция 2011 года: структурно-демографический анализ // Азия и Африка сегодня. – 2011. – № 7.
- 7 Сушенцов А. США и волнения на Арабском Востоке [Электронный ресурс] URL: <http://www.twirpx.com/file/547012/> (Дата обращения: 08.05.14).

References

- 1 Melyantsev V.A. Arabskiye strany: krizis modeli razbitiya // Azia i Afrika segodnya. 2012. №5. s 17.
- 2 Vasilyev A.M. Zunami revolyzyi // Azia i Afrika segodnya. – 2011. – №3. s 2.
- 3 Kiva A.V. «Arabskaya vesna»: prijiny I veroyatnye posledstvia // Obshetvennye nauki I sovremennost. – 2012. – №5. – S 125.
- 4 Ivashenko A.S // Prijiny I posledstvia sozjalnyh potryasenyi Blichnego Vostoka I Severnoi Africi [Elektronnyi resurs] <http://cyberleninka.ru/article/n/>
- 5 Grajev S.Ya., Sheshneva E.B., Zaviylov A.Ya. Invormazionnye tehnologiyi v egipetskih sobytiah 2011 goda [Elektronnyi resurs] URL: [http://www.pglu.ru/science/researches/nii-](http://www.pglu.ru/science/researches/nii-panin/vestnik/v3/Grachev_Sheshneva_Zavjalov.pdf)
- 6 Korotaev A.V., Zinkina Y.V. Egipetskaya revolyzia 2011 goda: struktorno – demogravijeskiy analiz// Azia i Afrika segodnya. – 2011. – №7.
- 7 Sushenzov A. SSHA I volnenyy na Arabskom Vostoke [Elektronnyi resurs] URL: <http://www.twirpx.com/file/547012/> .